



Елбасы: «Көнбеу керек, жеңу керек!»



ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев коронавируспен ауырып жатқан қазақстандықтардың барлығына аман-есен жазылып шығуына тілекші екендігін білдірді.

«Қадірменді халайық! Бәріміз де қиын кезеңді бастан кешіріп жатырмыз. Бүкіл дүниемен бірге көріп жатқан нәрсе бұл. Мен ол қиыншылықтарды өз басымнан өткіздім. Осы кезде жанашырлық білдірген барлық жерлестеріме, отандастарыма шын көңіліммен тағы бір ризашылығымды айтқым

келеді. Сіздердің Қазақстанның әр саласынан, әр түкпірінен, әр өнеркәсіптен, мәдениеттен, спорттан, денсаулық сақтау жүйесінен маған айтып жатқан тілектеріңіздің арқасында күш-қуат алып, емделіп шықтым. Көп рахмет. Қазір де сырқаттанып жатқан, қиналып жатқан жандар бар. Солардың баршасы аман-есен шығады деп сенемін. Себебі оған сену керек. Көнбеу керек, жеңу керек. «Біз одан күштіміз» деп санасаңыздар, барлығын жеңеміз. Біз – көп нәрсені жеңіп келе жатқан батыр бабалардың ұрпағымыз. Құдай бұйыртыса, бұдан да өтеміз», – деді ҚР Тұңғыш Президенті.

Сонымен қатар Елбасы бүгінгі туған күніне орай бүкіл дүниежүзінен, Қазақстанның түкпір-түкпірінен құттықтаулар мен ізгі тілектер алып, оқып жатқанын атап өтті. Құттықтау жолдаған барлық шет мемлекеттердің басшыларына, қайраткерлері мен саясаткерлеріне және қазақстандықтарға рахметін айтқан ҚР Тұңғыш Президенті баршаға шын көңілінен үлкен табыс, бақыт тілейтіндігін жеткізді.

«Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Бұл нәубеттен де өтеміз. Ертеңгі күні жүзіміз жарқын болып, талай кездесетін боламыз», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Айта кетейік, Елбасының коронавирустан ауырып жатқан қазақстандықтардың барлығына аман-есен жазылып шығуына тілекші екендігін білдірген видеоны ҚР Тұңғыш Президентінің баспасөз хатшысы Айдос Үкібай Twitter парақшасында жариялаған еді.

Inform.kz

ІІМ басшысы мәлімдеме жасады

ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев енгізілген шектеулерге байланысты ел азаматтарына арнап мәлімдеме жасады.

– Құрметті отандастар!

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты мемлекеттік комиссия 5 шілдеден бастап екі апталық ішінара шектеу енгізу туралы шешім қабылдады.

Бұл шектеулер арқылы жекелеген шағын және орта бизнес санаттарының қызметін тоқтату, қоғамдық көліктердің жұмысын және адамдар көп баратын жерлерде азаматтардың жиналуын шектеу, сондай-ақ бұқаралық іс-шаралар өткізуге тыйым салу қарастырылған.

Мұның бәрі инфекцияның таралуына жол бермеу үшін жасалады.

Кәсіпорындар, азық-түлік дүкендері, дәріханалар, банктер және қысқартылған кесте бойынша ХҚКО жұмыс істейтін болады.

Біздің азаматтарымыз қазақстандықтардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған санитарлық және алдын алу шараларын қатаң сақтайтынына сенімдімін.

Осы кезеңде ішкі істер органдары қызмет өткерудің ерекше режиміне көшірілетін болады.



Осыған байланысты Ішкі істер министрлігі азаматтарды әлеуметтік қашықтық пен маска режимін сақтау, көп адам шақырылған іс-шаралар өткізбеуге және өздерінің байланыстарын азайтуға шақырады.

Полицейлер Денсаулық сақтау органдары мен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтерге коронавирустың таралу ошақтарын оқшаулау, шектеу шараларын қамтамасыз ету бағытында жан-жақты көмек көрсетуді жалғастырады.

Сонымен қатар тек қана ресми ақпарат көздеріне ғана сену маңызды. Көрінеу жалған мәліметтердің авторлары мен таратушылары анықталып, жауапкершілікке тартылатын болады.

Енгізілетін шектеулердің тиімділігі әрқайсымыздың жеке жауапкершілігімізге байланысты. Тек бірлескен күш-жігер, шыдамдылық пен түсіністік көрсете отырып, қызмет атқарып жүрген медицина қызметкерлері мен полицейлерге қолдау көрсете аламыз. Біз бұл қатерге бірлесе қарсы тұрғанда ғана азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, денсаулықтарын сақтап қаламыз!

Polisia.kz

ЕЛБАСЫ ҚҰРМЕТІНЕ ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев онлайн режимде Ұлттық қорғаныс университетіндегі Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа арналған монументтің ашылу рәсіміне қатысты.

2-бет

ЕСТЕ ҚАЛАР ЕРЕКШЕ КҮН



Таяуда Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, ІІМ жоғары оқу орындарының үздік түлектеріне офицерлік шен тапсырды.

3-бет

Полиция майоры Айнұр ТЕН: «БӘРІБІР ПОЛИЦЕЙ БОЛАР ЕДІМ»



Бір қарағанда, оны қарапайым қыз дерсіз... Ал сәл жақынырақ барып танысып, сырлассаңыз, оның болмысы бөлек, табиғаты тұнық екендігін аңғарасыз...

4-5 беттер

№5 БАТАЛЬОНДА БЕРЕКЕЛІ ІСТЕР КӨП



Алматы қаласы мамандандырылған күзет қызметі басқармасында сан бойынша бес батальон оңтүстік астанадағы күзет қызметін қамтамасыз етеді.

6-бет

Елбасы құрметіне ескерткіш қойылды

ФРАНЦИЯ

ЛУВР ҚАЙТА АШЫЛДЫ



Париждегі Лувр мұражайы қайта ашылды. Ол пандемия кесірінен наурызда жабылып қалған еді. Салдарынан мекеме 40 миллион еуро шығынға батты.

Енді араға шамамен төрт ай салып, мұражай жұмысын қайта бастады. Десе де шектеулер енгізілген. Мәселен, келушілер залдардың тек 70 процентіне ғана өте алады. Сондай-ақ мұнда бұрынғыдай емес, тек бір есік арқылы ғана кіруге болады. Одан бөлек қызметкерлер де, қонақтар да бетпердемен жүруге міндеттеледі. Алғашқы күннің өзінде кісі қарасы қалың болды. Десе де басшылық «Келушілердің бұрынғыдай нөпірі әлі байқалмас» дейді. Жалпы, өткен жылы Луврға тоғыз жарым миллионнан аса адам келген екен. Алайда биыл жазда былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда, қонақ саны 70-80 процентке аз болады деп болжанып отыр.

24.kz

Қасым-Жомарт Тоқаев онлайн режимде Ұлттық қорғаныс университетіндегі Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа арналған монументтің ашылу рәсіміне қатысты.



Президент өз сөзінде Нұрсұлтан Назарбаевтың қазіргі Қазақстанның негізін қалағанын, егемен еліміздің стратегиялық даму жолын айқындап, халқымызды ортақ мақсатқа жұмылдырғанын атап өтті.

– Тұрақтылық пен татулық, береке мен бірлік – Елбасының сарабал саясатының нәтижесі. Кез келген мемлекеттің тарихында өшпес із қалдырған бірегей тұлғалар бар. Олардың сіңірген еңбегін бағалай білу және жан-жақты дәріптеу – өскелең ұрпақтың парызы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстанның Қарулы Күштері

Тұңғыш Президенттің Жарлығымен құрылғандықтан, бұл монументтің Ұлттық қорғаныс университетінде орнатылуының символдық мәні зор.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әскери әлеуетімізді қалыптастыру барысында ең күрделі деген мәселелерді шешуге өзі тікелей араласты. Оның басшылығымен халқымыз бен елімізді ықтимал әскери қақтығыстардан қорғау мақсатында армиямыздың перспективалары мен міндеттері, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басымдықтары мен механизмдері айқындалды. Нұрсұлтан

Назарбаев Президент болған жылдары әскери құрылымның заңнамалық және құқықтық-нормативтік базасы әзірленді. Сондай-ақ Қарулы Күштердің құрылымы мен құрамы жасақталып, армияның қарулануы кезең-кезеңімен іске асып, заманауи инфрақұрылым қалыптасты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жоғарғы Бас қолбасшы әскеріміздің қанша жерден заманауи техникалармен жабдықталғанымен, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында армияның жеке құрамы негізгі фактор болып қала беретінін айтты. Сондықтан Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ең мықты әскери кадрлар сапалы әскери білім беру ісін ұымдастыруға жұмылдырылды. Бүгінде Қазақстанда орта әскери оқу орындарынан бастап халықаралық деңгейдегі университетке дейінгі аралықта көп сатылы білім жүйесі қалыптасты.

Халқымызда «Ел ерлерімен еңселі» деген қанатты сөз бар. Шын мәнінде, Қарулы Күштері қуатты мемлекеттің бірлігі бекем, абыройы асқақ болады. Сондықтан біз армиямыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қашан да баса мән береміз. Бұл ретте білім мен ғылымның алатын орны ерекше. Ұлттық қорғаныс университеті алдағы уақытта да білікті мамандар дайындау ісіне мол үлес қосады деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

BAQ.KZ.

ҮНДІСТАН

ТӘЖ-МАХАЛ ТУРИСТЕРДІ ҚАРСЫ АЛДЫ



Үндістандағы әйгілі Тәж-Махал кесенесі келушілер үшін есігін қайта ашты.

Алайда тарихи нысанға күніне тек бес мың турист қана кіре алады. Және олардың барлығы міндетті түрде бетпердемен жүрулері қажет. Сондай-ақ кесене ішінде екі метрлік арақашықтық сақталуы тиіс. Айта кетейік, Агра қаласында орналасқан архитектуралық ескерткіш коронавирус кесірінен үш айға жабылған еді. Карантинге дейін оған күніне 80 мыңға дейін турист келетін.

sputniknews.kz

Коронавируспен күрес жалғасуда

Қазақстанда коронавируста қарсы күреске бөлінген қаражат нақты қандай бағытта жұмсалады? Бұл сұраққа ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой жауап берді.

Денсаулық сақтау министрлігі ауруханаларды онлайн форматта қадағалай бастады. Атырауда емхана басшысы парацетамолды 10 есе қымбатқа сатқан. Министрдің айтуынша, коронавирус инфекциясына қарсы күреске 114 млрд 826 млн теңге бөлінген. Оның 40 млрд 58 млн теңгесі – Үкіметтің резервінен аударылып отыр. «Осы қаражаттың 21 млрд 184 млн теңгесі - жеке қорғаныс құралдарын сатып алуға, 2 млрд 30 млн теңгесі - дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдарды сатып алуға, 2,5 млрд теңгесі - зертханалық құрылғыларды, коронавирусты анықтайтын жүйелерді сатып алуға, 100 млн теңгесі – коронавирусты анықтайтын реагенттерді әзірлеу мен шығаруға, 13,7 млрд теңгесі



– ПТР-тест әдісімен зертханалық зерттеулер қызметіне, 310 млн теңгесі – жедел жәрдем көліктеріне отандық өндірістегі өкпені жасанды желдету аппараттарын сатып алуға, 131 млн теңгесі азаматтарды эвакуациялауға жұмсалады», - деді Алексей Цой. Министр сонымен қатар, республикалық бюджеттен 74 млрд теңге бөлінгенін, оның 19,5 млрд теңгесі – медициналық,

инфекциялық, карантиндік және провизорлық стационарда медициналық қызмет көрсетуге, 40,4 млрд теңгесі карантин шараларын өткізуге жұмылдырылған азаматтарды ынталандыруға, 14,8 млрд теңгесі Нұр-Сұлтан, Шымкент және Алматы қалаларындағы инфекциялық ауруханалар кешенін салуға жұмсалатынын жеткізді.

inform.kz



алғысына бөлену. Өзіммен қатар түлеп ұшқан әріптестеріме де қызмет жолында сәттіліктер тілеймін! – деді шара барысында Ұлттық ұлан Әскери институтының түлегі, ІІМ жоғары оқу орындарының арасынан жалғыз алтын алған Арнат Бахытбекұлы жүрекжарды лебізін білдіріп.

Министрдің үздіктермен кездесуі барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып өткізілді.

– Ішкі істер органдарының

ға әрқашан да дайын. Ішкі істер министрлігі мақтан тұтатын мұндай батырлық әрекеттер аз емес. Тек жыл басынан бері үлгілі қызмет атқарғаны және қызметтік борышын мінсіз орындағаны үшін ІІО-ның 141 қызметкері мемлекеттік наградаға ие болды, – деді Ерлан Заманбекұлы түлектермен кездесу барысында.

Министр алдағы уақытта марапатталғандардың қатарында 2020 жылғы түлектер де болады деп сенім білдірді. Ал оқу орындарының қабырғасында алған білім мен моральдық-психологиялық дайындық жас қызметкерлердің білімі мен біліктілігін іске асыру мен дамыту үшін негіз болады.

дың қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз етуге лайықты үлес қосатындарыңызға, Отанымыз – Қазақстан Республикасының игілігі үшін абыройлы қызмет ететіндеріңізге сенемін. Алған білімдеріңізді іс жүзінде көрсетіп, кәсіби маман болуға ұмтылу керек. Бүгін сіздер Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орнын тәмамдап, бізге әріптес болдыңыздар! Бұл – өмірдегі маңызды қадам. Отан алдында адал қызмет ету үшін ауыр да жауапты мамандықты таңдап, қарапайым азаматтарға көмек беруге тәуекел еттіңіздер.

Міне, биыл 1200 тәлімгер бітіріп шықты. Оның 65-і үздік аяқтады. Әрбір тәлімгер енді полиция қызметкері атанып, қоғамның тыныштығын күзетеді. Қылмыспен күресіп, қоғамдық тәртіпті сақтайды, – деп атап өтті ІІМ басшысы.

Ведомстволық білім беруді жаңғырту шеңберінде оқу орындарын оңтайландыру жұмыстары іске асты. Бүгінде ІІО мен ҰҰ үшін мамандар даярлау ІІМ-нің бес жоғары оқу орнында жүргізілуде. Бұл академияға түсу кезеңінде талапкерлер арасында сапалы іріктеу жүргізуге, сондай-ақ ІІО-ның болашақ қызметкерлерін даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Суреттерді түсірген
Қуанышбек
ДҮЙСЕНБЕКОВ

Есте қалар ерекше күн

Таяуда Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, ІІМ жоғары оқу орындарының үздік түлектеріне офицерлік шен тапсырды.

Бауыржан СЕГІЗБАЕВ,
Нұр-Сұлтан

Дәстүр бойынша Астана күні мерекесі қарсаңында әскери және құқық қорғау жоғары оқу орындарының үздік түлектері еліміздің елордасына алғашқы офицерлік лейтенант атағын алу үшін шақырылды.

ІІМ Алматы, Қарағанды және Қостанай академияларының, Ақтөбе және Көкшетау техникалық институттарының, сондай-ақ Ұлттық ұлан Әскери институтының оқу үздіктері – Абылай Әбдіманап, Диана Бакенова,

Нариман Оразов, Тамила Рассказова, Ерлан Тыржанов, Сымбат Тоғайбекова, Арнат Сыздықов, Әліби Жақсылық, Ержан Еркін, Айдос Хайрбай, Елжас пен Елдос Халеловтар ведомство басшысы табыстаған лейтенант шендерімен үлкен өмірге қадам басты.

– Мен үшін бұл – ерекше тарихи сәт, дәл осы сәт менің есімде мәңгі қалады. Ішкі істер министрінің қолынан арнайы шен алу тек мақтанш қана емес, сонымен қатар маған зор жауапкершілік жүктейді. Ең басты борыш – еліміздің тыныштығы жолында адал да абыройлы қызмет атқару. Полицей деген атқа кір келтірмей, халық



қызметкерлері мен әскери қызметшілері кез келген сәтте денсаулығы мен өміріне қауіп төнсе де, азаматтармен қоғамды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау-

– Құрметті жас мамандар! Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатарын толықтыра отырып, сіздер елдегі құқықтық тәртіпті, біздің азаматтарымыз-

Ювеноалдық полицейлерге алғысын білдірді

Петропавлдық ұстаздар қалалық полиция басқармасы құрамындағы ювеноалдық полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Эльмира Абушеваға бөлімше сапында қызмет атқарып жүрген полиция аға лейтенанты Айгүл Кәрімова мен полиция майоры Гүлмира Темірғалиева сияқты білікті мамандарды даярлағаны үшін алғысын айтты.

Игорь МЕРЦАЛОВ,
СҚО

Алғыс хаттар СҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Марат Төлебаевтың атына

Петропавл құрылыс-экономикалық колледжі мен № 21 орта мектептің басшылығынан келіп түсті. Ұстаздар қауымы ювеноалдық полицейлердің ата-аналар мен балалардың тұрмысында туындайтын проблемаларды шешудегі ерекше рөлін айтып өтті.

Колледж қызметкерлерінің айтуынша, бойжеткен студенттердің бірінің анасы шетелге кетіп қалыпты. Жасөспірім үлкен қалада жалғыз, үлкендердің қарауынсыз қалған. Мұны полиция инспекторы байқап, тез арада қажетті шараларды қабылдады. Қазір жасөспірім қыз әжесімен бірге тұрып жатыр. Алғашқы оқу жылын жақсы аяқтады.

Келесі бір отбасында анасының қиын жағдайға тап болуы оқушы қыздың сабақ үлгеріміне әсер еткен. Үй ішінде санитарлық нормалар да сақталмаған. Инспектор Айгүл Кәрімова бұл мәселені қысқа уақыт ішінде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі қалалық комиссияның қарауына жолдап, жағдай тұрақталғанша бұл отбасыға барынша көмегін тигізді. Нәтижесінде анасы тұрақты жұмыс тапты, отбасының тұрмысы түзелді. Ал білім алып жүрген студент қыз сессиясын жақсы бағалармен аяқтады.

– Біздің мақсатымыз – бастарына қиындық түскен отбасыларда тәрбиеленіп жатқан балаларға көмек көр-



сету. Оларға дұрыс бағыт беру. Осындай жұмысымыз үшін ұстаздардан алғыс алу біз үшін үлкен құрмет деп білеміз. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар білім ордаларында әлеуметтік ұстаз-

дармен және психологтармен бірлесе отырып, жұмыс істейді. Дәл осындай тығыз қарым-қатынаста ғана ортақ нәтиже шығады, – дейді Ювеноалдық полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Эльмира Абушева.

Бір қарағанда, оны қарапайым қыз дерсіз... Ал сәл жақынырақ барып танысып, сырлассаңыз, оның болмысы бөлек, табиғаты тұнық екендігін аңғарасыз... Ол өмірдегі әрбір баспалдақ биігіне өз талабына ғана сенім артып, қажырлы еңбегімен, білімімен жете білген, өзіндік пікірі мен ұстанымы мығым, батыл қыз. Ол – қаршадайынан ақ «тәртіпке бас иген елдің құл болмайтынын» түсіне білген полиция майоры Айнұр Тен.

– Айнұр, әңгімемізді әріден бастайықшы, қай өңірде туып-өстіңіз? Білуімізше, әкеңіз – кәріс, анаңыз – қазақ көрінеді. «Ал өзіңіздің ұлтыңыз кім?» деген қалжың аралас сұрақтан бастасам, қалай болады?

– «Жер бетінде қанша адам болса, сонша тағдыр болады» дейді ғой. Ата-әжем тағдырдың жазуымен 1937 жылы Ресейдің Владивосток жерінен, Приморье өлкесінен Қызылорда облысының Қазалы ауданына табан тіреген екен. Ата-әжем ресейлік кәрістер. Үлкендердің айтуынша, қазақшылықтың иісі аңқып тұрған Сыр елі – жыр елі оларды туған бауырындай қарсы алып, көрші-қолаңмен бір үзім нанды бөлісіп жескен. Сол топырақта 1982 жылдың 9 шілдесінде мен дүниеге келдім. В.М. Счастнов атындағы № 16 орыс орта мектебінде 11 жыл білім алдым. 1999 жылы мектепті жақсы аяқтағаным жөнінде аттестатимды алғаныммен, сенсеңіз, үш жыл бойына ешқандай оқу орнына бармадым. Қатарластарымның бәрі оқуға түсіп, үшінші курстарын аяқтап жатқанда, мен әлі де алдыма қойған мақсатыма жету үшін дайындықты жалғастырып жүрдім. Ата-анам менің дәрігер болуымды қалады, бірақ мен көңілім жатпағандықтан, ол кісілердің талабынан бірден бас тарттым.

– Сондағы таңдаған мамандығыңыз тәртіп сақшысы болу ма еді? Неге бұл қызметке сонша құмарттыңыз? Үш жыл бойы басқа мамандыққа қызықпауыңыздың себебі не болды екен?

– Мен жан-тәніммен полицей болуды қаладым. Тіпті кішкентай күнімнен Б.Момышұлы бабамыздың қанатты сөздерін санама сіңіріп өскен екенмін. Әл-Фараби есімді өзімнен он жасқа кіші бауырым бар. Сол бауырым дүниеге келгенде,



Полиция майоры Айнұр ТЕН:

«Бәрібір полицей болар едім»

менің естияр боп қалған кезім еді. Анам «Теміржол» емханасына балаға арнайы берілетін сүт-қатыққа жұмсайтын. Сонда вокзалдың жанынан өте бергенімде, үлкен әріптермен қабырғада жазулы тұрған Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген сөзін күнде оқитынмын. Тек оқып қана қоймай, оның мағынасын өзімше түсініп, талдап және үйдегі әпке-бауырларыма үнемі соны айтып, әлек болып жүретінмін. Қазір анам айтады: «Сен сол кезден-ақ тәртіпке аса мән берген қыз екенсің» деп. Қарап отырсам, шынымен де солай екен. 9 сыныпта оқып жүргенімде біздің мектепте «Ашық есік күні» өтті. Есімнен кетпейтіні, сол күні кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор келіп, бізге қоғамдық тәртіп жайлы түсіндіріп, теріс қылықтарға үйір болмауға шақырды. Сол кісінің айтқан әрбір сөзі мен киген формасы күні бүгінге дейін көз алдымда. Тіпті сол күні-ақ болашақ мамандығымды таңдап қойдым. Бірақ өкінішке қарай, өздеріңіз білесіздер, 90-жылдардың соңында еліміздің әл-ауқаты әлі де керемет емес еді. Отбасында

әкем ғана жұмыс істейді, анамның жұмысы 1996 жылдан бері жаппай тоқтатылды да, кейінгі жылдарын әкемнің шешімімен үй тұрмысына, бала тәрбиесіне арнады. Яғни қол қысқа, үйде менен басқа да бір әпкем, екі бауырым бар. Әпкем Ирина облыс орталығындағы Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетте білім алып жатқан кез ғой, ата-анам оның өзі әжептәуір салмақ еді... Және «туғалы түзге шықпаған» менің жалғыз өзімді қалаға таңдаған мамандығыма оқуға жібере қою үйдегілерге де уайым болғандай. Әсіресе, әкем бұл мамандыққа баруыма үзілді-кесілді қарсы болды. Содан сыр білдірмей, «қайтсем де мақсатыма жетпей тынбаймын» деп ауылдағы шағын спорт кешеніне барып, 9-сыныптан бері қолға алған таэквондо секциясын қайта жалғастырдым да, кәдімгідей спортпен шұғылданып кеттім. Көп кітаптар оқыдым, күрес техникалары жайлы арнайы кинолар көрдім. Бір сөзбен айтқанда, «Мен егер тәртіп сақшысы болсам, күресу өнері техникаларын жақсы меңгеруім керек» деп өз-өзімді қайрап, үлкен дайындықта жүрдім. «Әке – балаға сыншы»

дейді ғой, кейіннен әкем мені түсініп, рұқсатын берді.

– Сөйтіп, мақсаты айқын, арманы адастырмаған Айнұр қалай курсант атанды екен? Біздің білуімізше, Сіз Ішкі істер органы саласына кездейсоқ келгендердің қатарынан емес, арнайы маманы ретінде келген жан екенсіз...

– Дұрыс айтасыз, үмітімді үкілеп, ата-анамның келісімін алып, 2002 жылы Б.Момышұлы атындағы ҚР ІІМ-нің Заң колледжіне оқуға түстім. Тағы бір ойымнан кетпейтіні, әкем мені Шымкентке өзі алып барды. Оқуға түсу емтиханы аяқталғанша, абитуриенттер тұратын қазармаға тұрақтадық. «Әкемді елге кетті» деп ойлап едім. Сөйтсем әкем екі апта бойына мені тереземнің сыртынан бақылап жүріпті. Оның сол кездері қайда түнеп жүргені мен үшін әлі күнге жұмбақ. Мен ол әңгімені анамнан, 2012 жылы әкем қайтқан соң бірақ білдім. Әкемнің күткеніне қарай, оқуға түсіп кеткеніме қуанамын. Сөйтіп курсанттық өмір басталды да кетті. Сабағыммен қатар спортты да шындап қолға ала бастадым. «Қоян-қолтық» күресіне қатысып, студенттер арасында талай мәрте ұйымдастырылған спорттық сайыстарда топ жарып, белсенді курсанттардың қатарынан көріндім. Наурыз мейрамында қыздар қазақша әдемі ұлттық киімдерін киіп, ән салып, би билеп жүрсе, мен жанымызда әскери бөлім болды, соның жалынды жастарымен ер балалар сияқты камуфляж киіп, аяқта кросс, спорттық және әскери саптағы сайыстарға қатысып жүретінмін. Колледжді аяқтағаннан кейін ол біліммен тоқтап қалу, мен армандаған полиция қызметкерінің жоғары шеніне, абы-

ройлы қызметке апара қоймайтынын түсіндім де, ЖОО-на бет алдым. Сөйтіп 2006 жылы Ішкі істер министрлігінің Алматыдағы заң академиясына оқуға түстім. Қазақта: «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» деген сөз бар ғой. Мен айтар едім «Бабың келісіп тұрса, бағың да басыңа өз келіп қонады» деп. Себебі, мен ол оқу орнына өзімді қамшылап тұрып, дайындап барған едім. Дипломдық жобамның тақырыбы – «Алаяқтық істерді ашу туралы» болды. Ол жұмысымды аса қызығушылықпен қорғағаным сондай, мені теориясынан гөрі, тәжірибесі қатты қызықтырды. Сондықтан да шығар, курстастарымның бәрі ортаға шығып алып, ұзын-сонар дипломдық жұмыстарын оқып, түсіндіріп жатқанда, мен кезегім келгенде «Маған сұрақ қойыңыздаршы, немесе мысал келтірсеңіздер де болады, мен бір алаяқтық істі әшкерелеуге дайын сияқтымын» деген екенмін. Сол сөзімді сабақ берген оқытушыларым да, курстастарым да әлі күнге дейін айтып, «Сен сол кезде-ақ өз ісіңнің маманы едің ғой» деп күліп жатады. Әттең, әкем тек капитан шенімді ғана көріп кетті, майор, подполковник сатысына жеткенімді көруді армандайтын...

– Қазақ тілінде еркін сөйлейсіз, басқа тағы қай тілдерді білесіз? Ата-анаңыз туралы айта отырсаңыз. Мамандықтары кім, үйдегі «тіл заңы» мен дін жағы қандай еді?

– Әкем Александр Тен – филолог, шығармашылықтың адамы болды (2012 жылы дүниеден озған). 20 жыл Теміржолшылар клубының басшысы болып қызмет атқарды. Музыкалық аспаптардың бәрінде ойнайтын. «Тек қобыз бен скрипканы ғана меңгере алмадым» деп айтып отыратын. Әкеме еліктеп жүріп домбыра, пианино және гитара ойнауды меңгердім. Әкем кейін 20 жылдай аудандық орталық ауруханада механик болып жұмыс істеді. Анам Тамара Бекбаева мемлекеттік сақтандыру саласының маманы болып қызмет етті. Өзім қазақ және орыс тілдерінде еркін ойлаймын, сөйлеймін. Кәріс тілінде әкемнің өзі онша сөйлей қоймайтын, үйдегі ауызекі тіл - орыс тілі мен қазақ тілі болды. Әкем қазақтың небір мақал-мәтелдерімен сөйлей отырып, бізді тәрбиелеп өсірді. Ол кісінің өзі бастап, отбасымыз түгел мұсылмандықты қабылдағанбыз. Әкемнің жерлеу рәсімінде де мұсылманша жаназасы шығарылып, мәңгілік

мекеніне шарифат жолымен аттандырылды. Мектепті орысша аяқтағаныммен, колледж, академияны қазақ-орыс тілдерінде оқыдым. Басында маған қазақ тілінде қызметтік талаптарды орындау қиын болса, қазір керісінше, орыс тілінде баяндамалар жасау сәл қиынырақ сияқты көрінетіндей. Ағылшын тілін заман талабына орай үйреніп алдық қой, майын тамызып сөйлесек те, шет жерде жалғыз қалып қойсам, нан сатып алып жей алатындай сөздік қорым бар.

– Бас қалаға келгенге дейін қандай қызметтер атқардыңыз, елордаға келудегі негізгі мақсат та биік болып тұр ғой...

– Бұған дейін мен сол Қызылорда облысында бір орында тапжылмастан 18 жыл инспекторлықтан аға инспекторға дейінгі жолда қызмет атқардым. Жұмысым өзіме ұнағандықтан да болар және табиғатымнан тұрақтылықты ұнатушы ем, жұмыс орнымды ауыстыруға аса құлшыныс бола қоймапты. Ал бас қалаға өз қызметімде тың тәжірибе жинақтауға келдім. Астаналық әріптестерімнің қайнап жатқан қызу тірлігі, орта-бәрі де әзірге өз көңілімнен шығуда. Қызметтік жолымды ары қарай осы елорда төрінде жалғастырып, ел тыныштығына тамшыдай болса да, өз үлесімді қоссам деймін.

– Естуімізше, әулетіңізде сізден өзге де құқық қорғаушы бар екен...

– Мен жайлы әбден зерттеп, біліп алғансыз-ау... (күледі). Шынымен де солай. Бауырым Әл-Фарабиді бала күнінен өзім жаттығу залына барғанда да, жанымнан тастамай алып жүретінмін, кейін де осы полицей мамандығын таңдады. Ол – таэквондодан спорт шебері, қара белбеу иесі. Қазір Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында жол-техникалық инспекторы қызметін атқаруда.

– Әлеуметтік желілерден сіз жайлы ақпарат іздегенім рас. Бір білгеніміз, бойыңызда мергендік өнеріңіз бар екен. Бұл өнерді қалай үйрендіңіз?

– Мергендікке келсем, ол әскери жаттығуларды үйреніп жүргенімде, қалыптаса түскені бар және әкем аңшылықпен де айналысқан мерген адам еді. Бос уақытында рұқсат етілген аңдарды аулауға шыққанында, көздегенін дәл тигізетін. Мен де көздеген нысанамды қалт жібермейтін болдым. 2012 жылы осы мергендіктен арнайы

аттестация тапсырғанымда, 29 балл алдым. Ең жоғарғы балл 23-24 екен. Кейіннен ПМ қызметкерлері арасындағы «Мергендер сайысына» да қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрмін. Соның бірі 2019 жылы Павлодар қаласында өткен сайыс болатын, онда да республикалық турнирде 3 орынға ие болдым.

– ПО қызметкерлері арасында өтетін бұдан бөлек «Парасатты полицей» байқауларында да топ жарып жүрген жайыңыз бар... Бос уақытыңызда немен шұғылданаңыз, хоббиіңіз бар шығар?

– Бос уақытымда музыка тыңдаймын. Құлаққа құлаққапты киіп алып, айнаның алдында тұрып, жақсылап тұрып билеп алатыным бар. Кино қараймын. Кітап оқығанды ұнатамын. Көбінесе шытырман оқиғаларға толы детективтерді оқимын. Дәл қазір оқып жатқан кітабым – Чингиз Абдуллаевтың «Стиль подлца (Дронго)» деген детектив жанрындағы туындысы. «Парасатты полицей» байқауында мемлекеттік тілді меңгергендігім және өз кәсібім жайлы сұрақтарға мүдірмей жауап беретінім қазылар алқасына ұнап, жоғары баға алатыным рас. Облыстық байқауда інім екеуіміз екі ауданның атынан шығып, бір-бірімізге қарсылас болғанымыз да бар. Бірақ жүлделі орындарға екеуіміз де қол жеткізгенбіз.



– Қай ұлттың асханасын ұнатасыз?

– Сүйіп жейтін асым – қазақтың ұлттық тағамдары. Қазақша асылған ет, Наурыз көже, бауырсақ сияқты тағамнан ешқашан бас тарта алмайтын шығармын. Ал кәрістің куксисі – аса сүйсініп жейтін асым. Және оны өзім дайындағанды ерекше жақсы көремін.

– Айнұр, сіз бен біз – жаратылысымыздан нәзік жандармыз. Қанша жерден ерге тән мінезді болайық, мықты, қайратты болайық, бірақ табиғат өзінікін алады ғой.

Тұрмыс құруға неге асықпай жүрсіз?

– Келісемін, Әсел. Мәселе менің асықпай жүргендігімде немесе мықтылығымда емес шығар... Иә, 30 жасыма дейін оқимын, тоқимын деп жүріп жеке өміріме мән бермеген шығармын, ал қазір алдыма келіп нақты сөз салған ер-азаматты көріп те тұрған жоқпын... Маңдайға не жазылса, соны көреміз де.

– Бәлкім, ер - азаматқа қояр талабыңыз тым жоғары шығар?

– Тым жоғары деп ойламаймын. Тек бір ғана шартым бар: ер - ер, әйел – әйелдік орнын білсе, қоғамда барлық жандардың төрт құбыласы тең болар ма еді деймін. Менімен қарапайым дос болуға жүрексінетін де жігіттер бар, неге олай екенін өзім де түсінбеймін.

– Өз тәжірибеңізде кездескен заң бұзушылық фактілерден есіңізде қалған оқиғаларға тоқтала кетсеңіз... Нәзікжандылығыңызға кәсібіңіздің қиын соққан тұстары болған шығар?

– Өте қиын. Бірақ ол менің мамандығыма деген махаббатымды басып-жанши алмады. Қыстың сақылдаған сары аязында, шілденің шіліңгір ыстығында күн демей, түн демей, жұмыс алаңынан, сайын далада, жол үстінде сан алуан оқиғалар орнынан табыла білу төзімділікті қажет етеді. Алдыма небір қылмыс



кетіп, екеуі елден жәрдем сұрап, көшеге шыққан. Күн кешқұрым уақыт болып қалған, облыс орталығындағы арнайы әлеуметтік орталыққа жеткізуге дайын тұрған көлік те жоқ. Содан екі баланы алып, үйге келдім. Анам аң-таң. Мән-жайды түсіндірдім де, өзім балаларды жуындырып, тамақтандырып ұйқыға жатқыздым. Таңертең жұмысқа келіп, құжаттарын реттеуге кірістім де, түске қарай балаларды қалаға жеткізуге үйге келсем, екеуі «Апай, осында қала берсек бола ма? Біз ақылды боламыз» деп, ал кеп жыласын. Жүрегім езіліп кетті. Сөйтсем анам да оларды аяп, түске дейін базарға апарып, «мүздай» киіндіріп қойыпты. Тойып тамақ ішіп, жылы киінген екі баланы алып, облыс орталығына тайып тұрдым. Қазір олардың жағдайларын сырттай біліп жүремін, әкесінің туған қарындасы қамқорлығына алған екен. Айта берсем, мұндай оқиғалар көп, кәметке толмаған жасөспірімдер арасында қиын балалармен көп жұмыс атқардым. Тәртібі нашар, түзелмейді-ау деген бір жеткіншекпен жақсылап тұрып сөйлескенімде, ол қайтып тәртіп бұзбауға сөз беріп, өз қатарластарына қосылып, сабағын дұрыс оқып, кейіннен ЖОО-на түсіп, мені қуантқаны бар. Ең қызығы, өткен жазда мені ол азамат үйлену тойына шақырған еді. Шытырман оқиғаларға толы осы жұмысым менің күш-қуатымды еселей түсетін сияқты...

– Айнұр полицей болмағанда, кім болар еді?

– Бәрібір полиция болар едім! Басқа мамандықта өзімді мүлде елестете алмайды екенмін.

– Сіз үшін адам бойындағы ең жоғарғы адами қасиет?

– Ең әуелі имандылық дер едім. Сонан соң шындықты айту. Адамгершілік. Табандылық.

– Алға қойған мақсат-міндеттеріңізді қаншалықты орындап үлгердіңіз?

– Мен мақсат-міндетті орындау мінберіне енді келіп жатқандаймын. Көздеген мақсатыма жетпей тынбаймын. Өлшеулі мына өмірден өзіме күнде бір жаңалық ашамын.

– Қазіргі жағдайда халыққа айтар тілегіңіз бар шығар...

– Дәл қазір біз елімізде бұрын-соңды болмаған тарихи сәтті бастан кешіп жатырмыз. Бұл сынақ халқымызға үлкен сабақ болып отыр. Жақын жандардың, алыстағы ағайын-туыстың, әріптес-достың, той-думанның, арқажарқа араласып, кездесудің қадірін ұқтырғандай. Бұл індеттен халқымыз аман-есен құтылсын деп тілеймін және одан кейінгі жағдайдың керемет болатынына күмәнім жоқ.

– Алтын уақытыңызды бөліп, сұхбатқа келіскеніңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Әсел ЖАҚСЫБАЙ,
Нұр-Сұлтан
Суреттерді түсірген
Қуанышбек
ДҮЙСЕНБЕКОВ

№5 БАТАЛЬОНДА БЕРЕКЕЛІ ІСТЕР КӨП

Алматы қаласы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасында сан бойынша бес батальон оңтүстік астанадағы күзет қызметін қамтамасыз етеді. Соның ішінде №5 полиция батальонының жеке құрамы дипломатиялық өкілдіктер мен мемлекеттік нысандарды күзетеді. Стратегиялық маңызы бар мемлекеттік нысандарды күзету – өте жауапты міндет.

Гүлнәр МАҒЗУМОВА,
Алматы

Ел астанасы қоныс аудармай тұрғанда аталған батальон өз алдына жеке полк болатын. Кейіннен Алматыда мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің саны азаюына байланысты батальон болып қайта құрылып, Алматы қаласы мамандандырылған күзет қызметі басқармасының құрамына енгізілді. Қазір аталған батальон қала бойынша 30-ға жуық объектіні күзетеді. Олардың арасында шетелдік консулдықтардың мекемелері, банктер мен олардың қоймалары, халықаралық ұйымдардың ғимараттары сияқты маңызды объектілер бар. Мемлекеттік нысандағы күзетілетін объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге 200-ден астам жеке құрам жұмылдырылған. Оның ішінде 120 офицер бар. Әрбір нысанға қойылатын күзет сол объектінің орналасқан жерін, аумағы мен шолу бағытының ұзақтығын ескере отырып, анықталады екен. Тәулік бойы қамтамасыз етілетін күзеттің барысына теле-



фон немесе радиобайланыс арқылы бақылау жүргізіледі.

Аталған батальонның жұмысымен танысу барысында батальон командирі, полиция подполковнигі Мақұлбек Тоқтыбаев өздеріне жүктелген міндеттің маңыздылығы, күзетте тұрған қызметкерлердің қырағылығы жайлы айтып, кадр іріктеудің де жауапкершілігін тілге тиек етті.

– Стратегиялық маңызды нысандарды күзететін болғандықтан, бізде кадрлар өте қатаң іріктеуден өтеді. Әскер қатарында болған әрі жоғары білімді мамандар іріктеледі, сондай-ақ жеке құрамның қару қолдану шеберлігін жетілдіру, спорттық дәрежелерін арттыру жұмысына баса көңіл бөлінеді. Қызметкерлердің жауынгерлік-денешынықтыру даярлығын арттыру мақсатында оқу топтары құрылған. Оқу топтарына басшылық жасайтын взвод командирлері атыс даярлығы

бойынша өткізілетін сабақтардың нәтижесін басты назарда ұстайды. Сонымен қатар біздің батальонда саңлақ спортшылар да бар. Мысалы, Фархат Иманқұлов футболдан, Елжан Жұманов ер-

тальон күзетілетін ғимараттың ғана емес, оның айналасындағы белгілі бір көлемдегі аумақтың да қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, – деді ол.

Жер бетіндегі мәртебелі мамандықтың бірі - полиция болуды таңдаған әрбір жас маманның қызметке төселіп кетуіне қамқорлық жасайтын бірден бір адам – тәлімгер. Білекке емес, білімге сенетін заманның жастарына күзет қызметінің білімді де, білекті де қажет ететін сала екенін түсіндіріп, антқа адал болуды насихаттап жүрген тәлімгерлер баршылық. Солардың арасынан Алматы қаласы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының №5 батальонында жас мамандарды кәсіби шеберлікке баулып жүрген Жолдасқан



кін күрестен, Нұрлан Оңлабек волейболдан әр түрлі дәрежеде өтетін жарыстарда батальонның атын шығарып жүр. Мария Қасенова мен Айдар Тұяқбай сияқты әншілеріміз өз өнерлерімен көрермендерін тамсандырып қана қоймай, ән байқауларынан жүлделі орын алып келіп жүр. Күзетілетін нысандарға келушілердің ішінде құқық бұзатындар да кездеседі. Ондай жағдайда полиция департаментінен жедел топ шақыртылып, хаттама толтырылады. Біздің ба-



Сейдуллаев пен Айбек Сәрсенбаевтың есімін ерекше құрметпен атауға болады. Олар жас қызметкерлердің арасындағы моральдық-психологиялық ахуалдың да дұрыс қалыптасуына атсалысуда.

Суреттерді түсірген автор

Үш ауданда дала өртенді

Өткен тәулікте Шығыс Қазақстан облысының үш ауданындағы бес учаскеде құрғақ шөп өртенді. Барлық жағдайда да өртке жалғыз себеп, ол – халықтың отқа немқұрайлы қарауы.

Асылзат ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
ШҚО

Үржар ауданындағы өрт, өрт сөндірушілер, жергілікті атқарушы органдар мамандары көмегімен сөндірілсе, Мақаншы ауылдық округіндегі «Жаңаөріс» және Елтай ауылдық округіне қарасты «Коммунизм жолы» учаскесінде тұтанған өртті сөндіруге шаруа қожалықтарының жұмыскерлері көмекке келді. 20 гектар аумақты қамтыған екі өрт те ауыздықталды.

Аягөз ауданындағы Ақшатау ауылдық округінде ашық аумақта тұрған

қураған ағаштар өртенді. Өртпен жергілікті атқарушы органның 40 адамы күресті. Оларға сондай-ақ, аудандық №22 Өрт бөлімінің өрт сөндірушілері көмекке келді. Өрттің аумағы 20 гектарды құрады.

Дәл осы ауданның Өркен ауылдық округіндегі Қызай учаскесінде де өрт тұтанды. 30 гектар аумаққа жайылған өрт жергілікті атқарушы органдар мен №22 Өрт бөлімінің күшімен ауыздықталды.

Тағы бір дала өрті Семей қаласы аумағына қарасты Айнабұлақ ауылдық округінің әкімшілік аумағында сөндірілді. Бұл жерде 48 гектар жерді шарпыған өртпен жергілікті тұрғындар мен шаруа қожалықтарының жұмысшылары алысты. Дегенмен көмекке өрт сөндірушілер жеткенше, қызыл жалынның беті қайтқан болатын.



Бір айта кетерлігі, дала өрттерін сөндіру жергілікті атқарушы органдардың міндетіне жатқанымен, ТЖД құрылымдары дала өртінің 90%-ында әкімдіктерге көмекке барады.

Қаперлеріңізде болсын, шала сөндірілген темекі тұқылы немесе шыр-

пы, қоқысты өртеу, лақтырылған бөтелке өрттің тұтануына себеп болады. Осыған байланысты тұрғындардан өрт қауіпсіздігі шараларын сақтауды және өздеріңіз бен жақындарыңызды қауіптен қорғай жүріңіздер дегіміз келеді.

«ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҰЛАН» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Орталық музейінде «Елбасы және Ұлттық ұлан» кітабының онлайн тұсаукесері өтті. Аталған туынды еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мерейтойына және Астана күні мерекесіне орай жарыққа шықты.

**Дарын СЕЙІТОВ,
Нұр-Сұлтан**

Кітапта Елбасының Қазақстанның құқықтық тәртіп әскерінің қалыптасуы мен дамуына қосқан ерекше рөлі туралы айтылады. Тұсаукесер эпидемиологиялық талаптарды сақтау арқылы әскер басшылығы, ардагерлері және жас әскерилердің қатысуымен өтті.

– Тұңғыш Президент Жарлығымен Ішкі әскерлер Қазақстан Тәуелсіздік алған соң күштік құрылымдардың арасында алғашқылардың бірі болып құрылды. Әскер елімізбен бірге қатайып, айбыны асқақтады және құқық тәртібі әскерлерінің жауынгерлері өздерінің әскери антқа

адалдығын, әрқашан азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға дайын екендігін талай мәрте дәлелдеді. Бүгінгі кітаптың тұсаукесері елордалық жедел бригада – 5573 әскери бөлімінде өткізілуі де кездейсоқтық емес. Өйткені 2014 жылы Елбасы осы әскери қалашықты өзі келіп ашып, жеке құрамға Жауынгерлік туды табыс еткен болатын. Елбасының ұдайы қамқорлығының арқасында әскердің кадрлық және техникалық әлеуеті артып, жақсы жарақтандырылған және мобильді бөліністердің біріне айналды, – деді өз сөзінде Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орын-

басары, генерал-майор Мұхаметқали Сатов.

Аталған шараға әскер ардагері, генерал-майор Дәулет Салханов та қатысып, өзінің естеліктерімен бөлісті.

Оның айтуынша, астананы Алматыдан Ақмолаға көшіргенде ең алғашқылардың бірі болып кешегі Ішкі әскер, бүгінгі Ұлттық ұлан әскерінің Бас қолбасшылығы қоныс аударыпты.

– Сол жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Бас қолбасшылыққа келіп, астаналық екі бірдей әскери бөлімге Жауынгерлік туды табыс етті. Сондай-ақ Петропавл қаласындағы Әскери институттың да Тұңғыш Президенттің арқасында ашылғаны әскер тарихында ерекше маңызға ие.

– Мен әскерде қырық жылдан астам уақыт қызмет еткен адаммын. Құқықтық тәртіп әскерінің Бас штаб бастығы ретінде Елбасының алдына шығып, Ішкі әскердің қызметі



туралы баяндаған кездерім де болды. Тәуелсіз ел атанғаннан бері Тұңғыш Президентіміз еліміздің қорғаныс саласына жіті назар аударып, оның дамуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Бүгін әскер ардагерлері атынан Елбасын туған күнімен және ел тұрғындарын елорда күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын, – деді генерал-майор Дәулет Салханов.

Кітапта өзінің әскери міндеттері мен адам өмірін құтқа-

ру кезінде жанкештілік танытып, Елбасының қолынан мемлекеттік наградалар алған Ұлттық ұлан батырлары туралы да айтылады.

Туынды қалың оқырмандар қауымына, Ұлттық ұлан әскерилері мен басқа да күш құрылымдарының қызметкерлеріне арналған. Кітап Ұлттық ұланның әскери бөлімдерінің кітапханалары мен ведомствоның ресми сайтында қолжетімді болмақ.

700-ден астам қаруды жойды



Ел аумағында заңсыз қаруды заңдастыру көзделмеген, сондықтан барлық тәркіленген қару жойылады. СҚО полицейлері шілденің алғашқы екі күнінде заңсыз атыс қаруының кезекті легін жойды. Бұл рәсім жылына бір рет комиссияның қатысуымен міндетті түрде бейнетіркеу арқылы жүзеге асырылады.

**Игорь МЕРЦАЛОВ,
СҚО**

Ең алдымен полицейлер камераға жоюға жататын қару үлгілерінің нөмірлерін атайды, ұңғыларын кесіп пайдалануға жарамсыз етеді. Кейін мөрленген жәшіктерге салынған қару күзетпен құрыш балқытатын пеші бар кәсіпорынға жеткізіледі. Осы жолы 724 қару балқытылды. Оның ішіндегі 26-сы әкімшілік және қылмыстық соттардың шешімімен жоюға жіберілді.

– Бұл – заңсыз сақталған, сондай-ақ рұқсатсыз

тады. Көп жағдайда мұра ретінде қалған аңшылық мылтығын тапсырады, адамдар қауіпті затты ресімдегісі келмейді. Жоғалған немесе жасырылған қаруды тауып алып, тапсыратындар да бар. Мұнда тек тегіс ұңғылы қару ғана жойылады, ал ойықты қару оңтүстік астанаға жіберіледі.

Жойылған партияның ішіндегі 109 үлгіні солтүстік-қазақстандықтар тіркелмеген қаруды сатып алу бойынша былтырғы акция барысында тапсырған. Ерікті түрде тапсырған жағдайда ғана заңсыз қару сақтағаны үшін жауапкершіліктен босатылуы мүмкін екенін полицейлер еске салады. Жүргізіліп жатқан акция аясында тіркелмеген қарулар, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттардың иелері ақшалай сыйақы ала алады. Ол үшін аумақтық полиция бөлінісіне немесе «102» нөміріне қоңырау шалу қажет.

Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаменті басшылығы, Ардагерлер кеңесі және жеке құрамы Көші-қон қызметі басқармасы бастығының орынбасары Махметов Ербол Аманжолұлының әкесі

МАХМЕТОВ Аманжол Шәріпұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаменті басшылығы, Ардагерлер кеңесі және жеке құрамы Алматы аудандық полиция басқармасының бастығының орынбасары Батырбеков Жанат Жанатайұлының анасы

БАТЫРБЕКОВА Тілеулес Смайылқызының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаменті басшылығы, Ардагерлер кеңесі және жеке құрамы жедел-криминалистикалық басқармасының бастығы Садықов Берік Абиірұлының анасы

САДЫҚОВА Үміт Рахымжанқызының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы Ақтөбе облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Жақыпбеков Мұрат Қоңыржанұлына әкесі

ЖАҚЫПБЕКОВ Қоңыржан Жайлаубайұлының

қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы ІІО ардагері, Қылмыстық-атқару жүйесі ардагерлер кеңесінің төрағасы

КӘРІБАЕВ Мұратбек Серкенұлының

қайтыс болуына орай марқұмның отбасы мен туған-туысқандарына орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы ІІМ Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясының төрағасы Ниязов Мұрат Шамұратұлына әкесі

НИЯЗОВ Шамұрат Наумұлының

қайтыс болуына орай орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы және ІІО мұражай қызметкерлерінің ұжымы ІІМ мұражайының бірінші басшысы

КОЛЕСНИКОВА Людмила Михайловнаның

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туысқандарына орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Батыр болып тумайды

Алматы облысы ТЖД қызметкерлері суға батып бара жатқан адамды құтқарған батырды марапаттады. Ол – ТЖО-да слесарь болып жұмыс істейтін, 1995 жылы туған Ержан Баяхметов есімді азамат. Мекеме өкілдері Ержанның жұмыс орнына барып, марапатты ұжымдастары алдында табыстады.



Азамат ЖҰРТБАЕВ, Алматы облысы

Оқиға биылғы жылғы наурыздың 22-сі күні кешкі уақытта орын алған. Талдықорған

қаласында «Қызыл тас» саяжай қоғамының маңында жеңіл автокөлік жүргізушісі рөлді басқара алмай, ағып жатқан Қаратал өзеніне түсіп

кетті. Жүргізуші көліктен жандәрмен шыққанымен, әлсіреп суға бата бастайды. Осы оқиғаға куә болған талдықорғандық Ержан Баяхметов ойланбастан суық суға секіріп, батып бара жатқан адамды құтқаруға ұмтылды. Ол апатқа ұшыраған адамды жағаға шығарып қана қоймай, оған алғашқы көмек те көрсетеді. Онсыз зардап шеккен адам қаза болуы мүмкін еді. Мұны Ержан шақырған жедел жәрдем дәрігерлері де атап өткен. Көрсеткен қайсарлығы және адам өмірін құтқарып қалғаны үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен Ержан Баяхметов «Суға батқандарды құтқарғаны үшін» ведомстволық наградасымен марапатталды.

Тегін берілетін дәрі-дәрмекті сатқан

Шымкент қаласында дәрі-дәрмектерді жоғары бағамен заңсыз сатудың оңға жуық дерегі анықталды.

Шымкент қаласының Полиция департаменті қала аумағында карантин уақытында қажетті дәрі-дәрмектердің жетіспеушілігін пайдаланып, жоғары сұранысқа ие болған респираторлық вирустық ауруларды емдеуге арналған дәрі-дәрмектерді жоғары бағамен пайда табу үшін сатқан дәріхана қызметкерлері мен тұрғындарды анықтау мақсатында жедел-профилактикалық іс-шара жүргізді.

Қабылданған шаралар нәтижесінде дәрі-дәрмектерді жоғары бағамен заңсыз сатудың оңға жуық дерегі анықталды.

Жедел іс-шаралар барысында Әлімқұлов көшесі, 5 үйдің ауласында үш қойма анықталды. Тексеру барысында полиция қызметкерлерімен шақырылған фармацевт мамандарға қойма иесі дәрі-дәрмектерді сатуға арналған арнайы лицензиясын көрсетті. Алайда бұл лицензияның басқа ғимаратқа арналғаны туралы фармацевт мамандар баяндады. Аталған қоймаларда дәрі-дәрмектер заңсыз сақталған. Фармацевт мамандар қоймада анықталған дәрі-дәрмекті үш топқа бөліп, әрбір дәрі-дәрмектің қайда қолданылатыны туралы түсінік берді.

Бірінші топ – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелмеген және сатуға рұқсат берілмеген дәрі-дәрмектер. Олар – «Конвулекс», «Энцефо-

бол», «Алоэ экстракт инъекция үшін» және тағы басқалар.

Екінші топ – респираторлық вирустық ауруларды емдеуге арналған жоғары сұранысқа ие болған дәрі-дәрмектер. Олар – «ЦЕФ 3», «Цефтриаксон», «Ингавирин», «Гордокс», «Дексаметазон» және тағы басқалар.

Үшінші топ – Қазақстан Республикасында медицинада тіркеуде тұрған азаматтарға тегін берілетін дәрі-дәрмектер. Олар «Депакин», «Методжект» және тағы басқалар.

Сондай-ақ қоймадағы дәрі-дәрмектердің сақталуына ешқандай жағдай жасалмаған және тексерушілер сақталу талаптарының өрескел бұзылып тұрғанын анықтады. Яғни, дәрі-дәрмектер емдеу қасиеттерін жоғалтып, адам өміріне қауіпті екенін түсіндірді. Бұдан басқа қойманың бет жағында дәріхананы белгілейтін жарнамасы жоқ.

Фармацевт мамандарының қатысуымен барлық 229 дәрі-дәрмек түрлері айғақты зат ретінде алынды. Мысалы: «ЦЕФ 3» – 130 қорап, «Ингавирин» – 80 қорап, «Дексаметазон» – төрт ампула, «Алоэ экстракт инъекция үшін» – 120 қорап, «Методжект» – 480 қорап, «Глюкоза» таблетка – 3120 тақтайша, «Глюкоза» бутыл – 27, Стекловидное тело – 2160, Парацетамол – 18 қорап, Ферсинол – 2160, Аскрупин – 2160.

Polisia.kz.

Армениядан әкелінген 340 көлік тіркелді

Биылғы жылдың 1 маусымынан бастап Үкімет қаулысына сәйкес елде Қазақстан Республикасы азаматтарының атына Қазақстан Республикасы аумағына Армениядан 2020 жылғы 1 ақпанға дейін кіргізілген, басқару құрылғысы сол жақта орналасқан көлік құралдарын тіркеу басталды.

Марина НҰРЫМЖАНОВА, Ақтөбе облысы

– Көлік құралдарын тіркеу үшін көлік иелеріне жеке басын куәландыратын құжат, алым мен баждарды төлеу туралы құжаттар, көлікті тіркеу туралы куәлікті және Армения Республикасының уәкілетті

органында берілген мемлекеттік тіркеу нөмір белгілерін ұсынуы қажет. Сондай-ақ құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылып, нотариуспен расталуы тиіс, – деді Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Ерлан Әлимағамбетов.

Армениядан әкелінген көлік құралдарын тіркеу ережелерін түсіндіру үшін Полиция департаментінде Call-орталығы жұмыс істейді. 525-100 телефоны бойынша қоңырау шалып, Көлік құралын тіркеу жайында кеңес алуға болады. Көліктерді тіркеу уақытынан бастап Ақтөбе облысында 1,5 мыңнан астам азамат кеңес алып, Армения Республикасынан әкелінген 340 көлік құралы есепке алынды.

«Кітап сыйла» акциясы

Биылғы жылғы 4 шілдеде Қызылорда қаласының орталық алаңында «Кітап құрттары» клубының және Қызылорда еріктілерінің ұйымдастыруымен «Кітап сыйла» акциясы өтті.

Әсел АҚЖІГТ, Нұр-Сұлтан

Осы акцияға Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің аға офицері, аға лейтенант Ғафур Ақмырзаев та өз үлесін қосып, Азаматтық қорғау саласындағы ақпараттық-әдістемелік мате-

риалдар жиынтықтарын, жылдар бойы жинаған «Пожарный и спасатель Казахстана» және «Сыр құтқарушысы» журналдарын сыйлады.

Аталған іс-шараның мақсаты – Қызылорда қаласы тұрғындары мен еріктілер өз кітаптарын келесі бір тұрғынға ұсына отырып, жиналған кітаптардан өзіне керекті кітаптарды ақысыз түрде ала алуы болды.

Сондай акцияда жиналған журналдар мен кітаптар «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына» тапсырылды.

– Азаматтық қорғау саласындағы ақпараттық-әдістемелік материалдар жиынтықтарын, жылдар бойы жинаған «Пожарный и спасатель Казахстана» және «Сыр құтқарушысы» журналдарын тұрғындарға сыйлаудағы мақсат – жастар арасында бұқаралық құтқарушы жұмысын жандандыру, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, сондай-ақ жасөспірімдерге әскери-патриоттық тәрбие ісін насихаттау, – деді Ғафур Әлиұлы.



ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС Бас директор Әлімжан ЖАРЫЛҚАҒАНОВ

РЕДАКЦИЯ: Бас редактор Тоқнияз КҮЧУКОВ Шеф-редактор: Гүлсім БЕГІМОВА Тілшілер: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ, Әсел МҰХАТОВА

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді. • Автордың пікірі редакцияның өзқарасын білдірмейді • Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды • Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес • Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді • Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді • Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Индексі: 65395 Таралымы: 10441 Тапсырыс: № 820

«Алматы – Болашақ» АҚ Алматы қаласы, Алматы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223В тел: 8777-163-12-39 Газет айына 8 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР: ИИК – KZ74856000000147459 БИК – KСJBKZKX БИН – 051040005963 КБЕ-16 «БанкЦентрКредит» АҚФ РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі, 29А. Телефон: 8 (7172) 49-02-14, ішкі нөмір 110 www.mediaovd.kz Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz